

Павлодар ауданы Красноармейка ауылдық округінің Красноармейка ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Павлодар ауданы Красноармейка ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 10 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 12 шілдеде № 6478 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Красноармейка ауылдық округі Красноармейка ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 9 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Красноармейка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар ауданының Красноармейка ауылдық округі Красноармейка ауылының келесі көшелері:

"Западная" көшесі "Бастау" көшесі болып;

"Строительная" көшесі "Астана" көшесі болып;

"Садовая" көшесі "Жасыл ел" көшесі болып;

"Заготзерновская" көшесі "Ақ бидай" көшесі болып;

"Элеваторская" көшесі "Мереке" көшесі болып;

"Школьная" көшесі "Ұстаздар" көшесі болып;

"Механизаторская" көшесі "Еңбекші" көшесі болып;

"Калинина" көшесі "Жұмабек Тәшенов" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Красноармейка ауылдық
округінің әкімі*

А. Вакпаев